

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

12. Bin Yang, Bo Wang, Nan Sun, Fei Xu, Lianke Wang, Jiajun Chen, Shiwei Yu, Yiming Zhang, Yurui Zhu, Ting Dai, Qiang Zhang, Changqing Sun, *The consequences of cyberbullying and traditional bullying victimization among adolescents: Gender differences in psychological symptoms, self-harm and suicidality*, Psychiatry Research, Volume 306, 2021, 114219, ISSN 0165-1781, <https://doi.org/10.1016/j.psychres.2021.114219>.
<https://www.sciencedirect.com/science/article/pii/S0165178121005151>
13. <https://thediplomat.com/2022/05/kazakh-president-signs-controversial-law-aiming-to-control-social-media-companies/>
14. Тесленко Александр Николаевич (2015). Молодежная культура как альтернативная модель социализации. Вестник Костромского государственного университета. Серия: Педагогика. Психология. Социокинетика, 21 (2), 241-248. <https://cyberleninka.ru/article/n/molodezhnaya-kultura-kak-alternativnaya-model-sotsializatsii#:~:text=,%D1%81%D1%83%D0%B1%D0%BA%D1%83%D0%BB%D1%8C%D1%82%D1%83%D1%80%20%D0%B8%20%D0%BD%D0%B5%D1%84%D0%BE%D1%80%D0%BC%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D1%85%20%D0%BE%D0%B1%D1%8A%D0%B5%D0%B4%D0%B8%D0%BD%D0%B5%D0%BD%D0%B8%D0%B9>
15. Ткачева Нина Алексеевна, & Баймухаметова Резеда Салимжановна (2016). Ценностные ориентации казахстанской молодежи. Историческая и социально-образовательная мысль, 8 (6-2), 134-139. <https://cyberleninka.ru/article/n/tsennostnye-orientatsii-kazahstanskoy-molodezhi#:~:text=,%D0%B8%D1%81%D0%BF%D0%BE%D0%BB%D1%8C%D0%B7%D0%BE%D0%B2%D0%B0%D0%BD%D0%B8%D1%8F%20%D0%BC%D0%BE%D0%BB%D0%BE%D0%B4%D0%B5%D0%B6%D0%B8%20%D0%BA%D0%B0%D0%BA%20%D0%B8%D0%BD%D1%81%D1%82%D1%80%D1%83%D0%BC%D0%B5%D0%BD%D1%82%D0%B0>
16. Исагамбетова Зухра Нурлановна, & Карабаева Алия Гайратовна (2016). Проблема идентичности и толерантности в условиях модернизации казахстанского общества. Вестник Калмыцкого университета, (1 (29)), 98-103. <https://cyberleninka.ru/article/n/problema-identichnosti-i-tolerantnosti-v-usloviyah-modernizatsii-kazahstanskogo-obschestva>
17. <https://ehistory.kz/ru/news/show/23859#:~:text=,%D0%BD%D1%80%D0%B0%D0%B2%D1%81%D1%82%D0%B2%D0%B5%D0%BD%D0%BD%D1%8B%D1%85%2C%20%D0%BC%D0%BE%D1%80%D0%B0%D0%BB%D1%8C%D0%BD%D1%8B%D1%85%2C%20%D1%8D%D1%82%D0%B8%D1%87%D0%B5%D1%81%D0%BA%D0%B8%D1%85%20%D0%B8>
18. <https://articlekz.com/article/8268#:~:text=,%D1%81%D0%B0%D0%BC%D0%BE%D1%81%D1%82%D0%B8%2C%20%D1%82%D0%BE%20%D0%B8%D0%B7%20%D1%87%D0%B5%D0%B3%D0%BE>

ПОДСЕКЦИЯ 9.4.

ЦИФРЛЫҚ ДӘУІРДЕГІ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ САЛАУАТТЫЛЫҚ: МӘСЕЛЕЛЕР, ШЕШІМДЕР ЖӘНЕ БОЛЖАМДАР / ПСИХОЛОГИЧЕСКОЕ БЛАГОПОЛУЧИЕ В ЦИФРОВУЮ ЭПОХУ: ВЫЗОВЫ, РЕШЕНИЯ И ПРОГНОЗЫ

ӘОЖ 159.9

ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ МОББИНГ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТЕОРИЯЛЫҚ ТАЛДАМЫ

Әшікова Дана Бақытжанқызы
d.bakytzhanovna@gmail.com

Қазіргі таңда ғылымда «моббинг» мәселесі өзекті сұрақтардың бірі болып табылады. Моббинг мәселесі психология ғылымы аясында да кеңінен қарастырылатын мәселе. Соңғы онжылдықта әлеуметтік психология саласында ғалымдардың назары позитивті (ұйымдық, ұйымдастырушылық, белсенділік, көшбасшылық, бейімделу) қалыптастырушы факторларды ғана емес, сонымен қатар жағымсыз (қолайсыз ахуал, қатал бәсеке, билік үшін күрес, манипуляция) процестері мен қарым-қатынастары мәселесі маңызды болып тұр. Ұйымдардағы ең таңқаларлық және эмоционалды қарқынды жағымсыз процестер мен әлеуметтік қарым-қатынастар моббинг (ағылшын тілінен mob - тобыр) сияқты күрделі және қарама-қайшы психологиялық құбылысты қамтиды.

Көбінесе моббинг кейбір топ мүшелерінің басқаларға қарсы шабуылдары мен қысым жасау процесі ретінде қарастырылуда, бұл жағымсыз тұлғааралық және топаралық өзара әрекеттесу мен қарым-қатынасқа әкелуі мүмкін. Бұл жаңа құбылыс емес, моббинг жеке әлеуметтік-психологиялық мәселе ретінде XX ғасырдың аяғында ғана анықталды.

Моббинг – ұжымдық шабуылдар, қудалау немесе керісінше команда мүшелерінің бірін қабылдамау, оқшаулау және бойкот жасау сияқыт сипатта көрінуі. Ол жұмыстағы еңбек ұжымдарында, мектептегі оқу топтарында немесе сыныптарда, әскерде ортадағы әлімжеттік ретінде көрінеді [1].

Моббингтің құрбанына айналған қызметкер психологиялық тұрғыдан жапа шегіп, соңында жұмыстан кетуіне мәжбүр болуымен сипатталады. Моббинг – адамның психологиялық ғана емес, психикалық және физикалық денсаулығына да қауіп төндіретін құбылыс [2].

Моббинг мәселесін зерттеген белгілі шетелдік және ресейлік ғалымдар: Х.Лейман, С.Эйнерсен, Д.Ольвейс, Д.Салин, К.Л. Купер, А.Лефуг, Р.Зайферт, Х.Хозл, Д.Запф, Д.Фермер, Л.Кишли, Б.Новелл, Л.Сперри, Д.Ямада, П.Джордан, П.Маккартни, С.Мерес-Штайнман, Ю.Альферова, С.Дружилов, Н.Кораблева, Е.Користина, В.Кудинов, И.Лагутина, Л.Нижегородова, А.Скавитин, А.Соловьев, О.Сорока.

«Моббинг» ұғымын алғаш рет швед дәрігері П.П.Хайнеманн 1969 жылы ұсынған. Ол топтық өзара әрекеттесу жағдайындағы балалардың зорлық-зомбылық мінез-құлқын зерттеуге бет бұрды, содан кейін бұл терминді мінез-құлқы әлеуметтік нормаларды бұзатын жеке тұлғаға адамдар тобының шабуылы құбылысына сілтеме жасау үшін қолданды [3].

Ұйымдардағы моббинг процестерінің алғашқы ғылыми зерттеулерін Швецияда атақты экономист және психолог Х.Лейманн жүргізді. Ол әртүрлі еңбек жағдайларындағы ересектердің мұндай мінез-құлқының ерекшеліктерін сипаттады. Ағылшынның «моб» сөзінен шыққан «моббинг» – тобыр. Х.Лейман моббингті еңбек ұжымындағы бірнеше адамның (тобырдың) немесе бір адамның екінші жеке тұлғаға үнемі қайталанып отыратын әдепсіз және ашық дұшпандық қатынасы деп қарастырады [4].

Содан кейін, 1999 жылы Айова штатының университетінің профессоры Н.Дэвенпорт және оның бірлескен авторлар командасы – Р.Шварц пен Г.Эллиотт моббингтің құбылыс ретінде пайда болуы мен динамикасын, оның қатысушылар үшін салдарын және оның алдын алудың мүмкін жолдарын қарастырды [5].

Х.Лейман моббингті бір адамның немесе адамдар тобының белгілі бір адамға қарсы бағытталған, өте жиі немесе ұзақ уақыт бойы орын алатын және ұйымдардағы «қудалаушы» мен «жәбірленуші» арасындағы қарым-қатынасты анықтайтын жағымсыз коммуникативті әрекеттері деп анықтады. Теріс әрекеттер аптасына кемінде бір рет жүргізіледі алты ай немесе одан да көп. Моббинг – ұйымдағы шешілмеген қақтығыстардың жиі кездесетін салдары. Моббинг - бұл жұмыс орнындағы мақсатты психотерроризм, бұл жанжалдың өршуін білдіреді тараптар жүйелі түрде дұшпандық шабуылдарға ұшырайды [6].

Моббинг мәселелерін түсінудегі маңызды қадамды жасаған неміс психологі К.Колодей, ол еуропалық ғалымдардың жұмысының нәтижелерін жинақтап, соның негізінде өзінің моббингке қатысты еңбегін жариялауы болды [7].

Моббингтің нысанасы жеке адам немесе топ болуы мүмкін. Моббингтің моббинг нысанасы үшін ауыр психологиялық және физикалық салдары бар қарым-қатынастардың шиеленісуіне әкелетін динамикалық компоненттері бар. Моббинг мәселесін зерттеушілердің пікірінше, оның көріністерінің ауқымын айтарлықтай кеңейту қажет, яғни бұл концепцияға адамдар арасындағы шиеленіс пен қақтығыстардағы өзара әрекеттестіктің шешілмеген кең ауқымды салаларын қосу қажет. Қазіргі түсінікте моббинг ұғымы ұйымдарда және жұмыс топтарында біреуді қорқытуға қатысты жиі қолданылады.

Ресейде «моббинг» ұғымын генетик В.П.Эфроимсон (1908–1989), еңбектерінде этикалық емес бәсекелестік (генетик-ғалымдар арасындағы бәсекелестік, қарқынды қарым-қатынастар) туралы жазған [8].

1998 жылы Г.А.Алтухова «Моббинг этикалық мәселе ретінде» атты мақаласын жариялады, онда кітапханашылар арасындағы моббингтің көріністері, оның салдарының ауырлығы мен болмай қоймайтындығы туралы сипаттама берді. Сипаттамадан басқа, автор жағдайларды шешуге арналған қорытындылар мен ұсыныстарды ұсынды [9]. К.Х. Рекош 2002 жылы «Франциядағы моббинг және оны жеңу мәселесі» атты еңбектерін жариялады, жұмыс шетелдік моббинг зерттеушілерінің жарияланымдарына талдау жүргізу негізінде жасалды. К.Х. Рекош моббингтің феномен ретінде қарастыра отырып бірқатар маңызды сипаттамаларын берген [10].

Моббинг мәселесін зерттеуде өзіндік тың ой-пікірлер айтақан О.Поликанова, М.Вражнова, (2011), Г.Терещенко (2012), Н.Романова (2007), Л.Почебут, В.Чикер (2015) сынды ғалымдарды атауға болады.

Зерттеуші В.А.Малеев пен В.М.Безпальченко білім беру топтарындағы моббинг мәселесін Швейцария, Англия, АҚШ, Австралия сияқты дамыған елдердің азаматтары үшін өзекті және жаһандық маңызы бар екенін айтады. Мысалы, Германияда миллионнан астам адам моббингтен зардап шегеді, ал Нидерландыда әрбір төртінші адам моббинг құрбаны. В.А. Малеев пен В.М. Безпальченко студенттер арасындағы гендерлік айырмашылықтарды ескере отырып, студенттік және мектептегі оқу топтарындағы моббингтің әртүрлі түрлерінің көріністері мен салдарын зерттей келе өздерінің ой-пікірлерін келтірген. Мәселен, аталмыш авторлардың зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып, авторлар келесі статистиканы келтіреді: оқушылардың 46%-ы көлденең моббингке (ұлдар 40%-ы және қыздардың 6%-ы), студенттердің 38%-ы тік моббингке (ұлдардың 20%-ы) ұшыраған және 18% қыздар). Зерттеу авторлары респонденттердің жоғары оқу орны ұжымындағы және жалпы білім беретін мектептің тәрбие ұжымындағы моббинг түрлерінің көрінісі туралы жауаптарының деректерін салыстырды. Авторлар моббинг мәселесі қоғам үшін басымдық болып табылады және жан-жақты зерттеуді қажет етеді деп есептейді. Себептерді анықтау және мәселелерді болдырмау және жою бойынша шаралар кешенін одан әрі әзірлеу үшін әрбір жеке жағдай қарастырылуы керек деген пікірді алға тартады [11].

Ұйымда моббингтің орын алуы жеке адамға және қоғамға айтарлықтай зиян келтіреді. Әлеуметтік психологияда қызметкерлердің жағымды қарым-қатынастары қолайлы ұйымдық ахуал туғызатыны, әлеуметтік капиталдың жинақталуына ықпал ететіні, бұл өз кезегінде ұйымның өнімділігі мен пайдасын арттыруға әкелетіні бұрыннан дәлелденген.

«Моббинг» орыс тіліндегі ортақ компоненті «улау, тобырға шабуыл жасау» сынды балама сөздер арқылы қарастырады.

Қорыта келгенде, «моббинг» ұғымы таза психологиялық зерттеу шеңберінде адамға қатысты жағымсыз, агрессивті әрекеттер арқылы көрінетін психологиялық зорлық-зомбылық түрін білдіреді. Көбінесе психологиялық зорлық-зомбылықтың бұл түрі кез келген топта көрінуі мүмкін.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Leymann H. Mobbing: Psychoterror am Arbeitsplatz und wie man sich dagegen wehren kann. Hamburg, 1993. -166б
2. Колодей К. Моббинг: Психотеррор на рабочем месте и методы его преодоления / Пер. с нем. Харьков, 2017. -356с.
3. Поликанова О. Ю., Вражнова М.Н. Исследование моббинг-процессов в системе межличностных конфликтов среди работников организации // Молодой ученый. 2011. № 4. Т.3. 78-83б.
4. Лучина Е.А. Моббинг и буллинг: особенности проявления моббинга в России // Актуальные проблемы авиации и космонавтики. – 2017. – № 13. – Т. 3. – С. 818–820.
5. Алтухова Г.А. Моббинг как этическая проблема // Библиотекосведение. – 1998. – № 2. – С. 63–70.
6. Дружилов С.А. Психологический террор (моббинг) на кафедре вуза как форма профессиональных деструкций // Психологические исследования: электрон. науч. журн. – 2011. – № 3 (17) [Электронный ресурс]. – URL: <http://psystudy.ru> (дата обращения: 30.04.2020).
7. Щипанова Д.Е. Моббинг в образовательной среде // Сборник научных трудов SWorld. – 2013. – Т. 23. – № 4. – С. 64–69.
8. Малеев В.А., Безпальченко В.М. Моббинг: причины, таксономия, последствия // Вестник ХНТУ. – 2016. – № 2 (57). – С. 209–214.
9. Евтихов О.В. Моббинг: фазы развития и его профилактика. 22.01.2015 [Электронный ресурс]. – URL: <https://mobbingu.net/articles/detail/56/>
10. Рекош К.Х. Моббинг и проблема его преодоления во Франции // Труд за рубежом. – 2022. – № 2. – С. 97–105.
11. Малкина-Пых И.Г. Психология поведения жертвы. Справочник практического психо-лога. – М.: ЭКСМО, 2016. – С. 1008.

ӘОЖ 159.9

УАҚЫТ БЕЛДЕУІНІҢ ӨЗГЕРУІ ҚАЗАҚСТАНДЫҚТАРДЫҢ ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ДЕНСАУЛЫҒЫНА ӘСЕРІ

Казбекова Ляйкен Амангельдиновна

kazbekovalajken@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Психология білім беру бағдарламасы, 2 курс студенті,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші – пс.ғ.к. А.М. Айтышева.

Кіріспе. Уақыт-дүниедегі заттардың өзгеріп ,бір қалыптан екінші қалыпқа келіп ,ескі заттардың жоғалып ,олардың орнына жаңа заттардың пайда болып отыруының көрсеткіші.Шындық құбылыстардың тізбегі ,бірізділік,объективтік ұзақтылығы уақытты қабылдау арқылы белгілі болып отырады [1].

Қазақстан Республикасында 2024 жылғы 29 ақпаннан 2024 жылғы 01 наурызға қараған түні (сағат 00:00-де) Астана, Алматы, Шымкент қалаларының, Абай, Ақмола, Алматы, Жамбыл, Жетісу, Қарағанды, Қостанай, Павлодар, Солтүстік Қазақстан, Түркістан, Ұлытау, Шығыс Қазақстан облыстарының әкімдіктері жергілікті уақытты 1 сағатқа артқа ауыстырды.Қазіргі таңда бұл мәселе қоғамда өткір талқылануда, халықтың бір бөлігі уақыт белдеуінің ауысуын жағымды процестерге теңеп жатса ,енді бір бөлігі бұл құбылыстың теріс жағын қарастыруда. Дегенмен халықтың пікір - таласына қарамастан бүгінгі күні Республика бойынша 1 уақыт белдеуі (UTC+5) қолданылып отыр .